

Қаражал қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы № 1 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қаңтарда № 5153 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 1 ақпандағы № 5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 01.02.2023 № 5 (оны алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы № 1243 "Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қаражал қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қаражал қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қаражал қаласының әкімінің орынбасары Д. Джакуповқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Т. Досаев

Қаражал қаласының әкімдігінің

201__ жылғы "____" _____

№ _____ қаулысының

қосымшасы

Қаражал қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1 тарау. Көтермелеу түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйлықақы беру.

2 тарау. Көтермелеу тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қаражал қаласы әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссия қарауына "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды облысының полиция департаменті Қаражал қаласы полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі енгізеді.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды облысының полиция департаменті Қаражал қаласы полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде, ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарды көтермелеу "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды облысының полиция департаменті Қаражал қаласы полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі салтанатты жағдайда жүзеге асырылады.

3 тарау. Ақшалай сыйақының мөлшері

8. 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

9. Ақшалай сыйақы бюджеттік заңнамаға сәйкес төленеді.